

Астана қаласында тұрғын үйді ұстауға, тұтынылған коммуналдық қызметтерге және байланыс қызметтеріне ақы төлеуге тұрғын үй көмегін беру ережесі туралы

Күшін жойған

Астана қалалық мәслихатының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 246/47-II шешімі. Астана қаласы Әділет басқармасында 2003 жылғы 30 шілдеде N 283 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 22 қыркүйектегі N 387/51-IV Шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2010.09.22 N 387/51-IV Шешімімен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Астана қалалық мәслихатының 2005.02.17 N 119/16-III, өзгерту енгізілді - 2009.09.18 N 251/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімдерімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының заңдарын, Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтем-ақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 қаулысын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты ШЕШТІ :

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Астана қалалық мәслихатының 2005.02.17 N 119/16-III, 2009.05.28 N 226/35-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2009.09.18 N 251/38-IV(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімдерімен.

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласында тұрғын үйді ұстауға, тұтынылған коммуналдық қызметтерге және байланыс қызметтеріне ақы төлеуге тұрғын үй көмегін беру ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қалалық мәслихатының 2005.02.17 N 119/16-III, 2009.09.18 N 251/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімдерімен.

*Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы*

*Астана қаласы
мәслихатының хатшысы*

К е л і с і л д і :

Еңбек, халықты жұмыспен
қамту және әлеуметтік қорғау
департаментінің бастығы

Қаржы департаментінің

бастығы

Астана қаласы мәслихатының
2003 жылғы 4 шілдедегі
N 246/47 - II шешімімен
бекітілген

Ескерту. Тақырыбындағы және барлық мәтін бойынша "тұрғын үй жәрдемақысын", "Тұрғын үй жәрдемақысы", "Тұрғын үй жәрдемақысының", "Тұрғын үй жәрдемақысын", "тұрғын үй жәрдемақысы", "тұрғын үй жәрдемақысының" деген сөздер "тұрғын үй көмегін", "Тұрғын үй көмегі", "Тұрғын үй көмегінің", "Тұрғын үй көмегін", "тұрғын үй көмегі", "тұрғын үй көмегінің" деген сөздермен ауыстырылды - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 251/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

Астана қаласында тұрғын үйді ұстауға, тұтынылған коммуналдық қызметтерге және байланыс қызметтеріне ақы төлеуге тұрғын үй көмегін беру ережесі <*>

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Астана қалалық мәслихатының 2005.02.17 N 119/16-III Шешімімен.

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "департаменті", "Департамент", "Департаментке", "Департаментте", "департаментіне", "Департаменттің", "Департаментіне" деген сөздер "басқармасы", "Басқарма", "Басқармаға", "Басқармада", "басқармасына", "Басқарманың", "Басқармасына" деген сөздермен ауыстырылды - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 251/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

Осы Қағида 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512, "Қазақстан Республикасында тұрғын үй коммуналдық саланы дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 маусымдағы N 553 қаулыларына сәйкес әзірленген.<*

>

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Астана қалалық мәслихатының 2007.07.12 N 398/50-III, өзгерту енгізілді - 2009.09.18 N 251/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімдерімен.

1. Жалпы ережелер

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "және тұтынылған коммуналдық қызметтер" сөздері "тұтынылған коммуналдық қызметтер және қалалық коммуникациялар жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің ұлғаю бөлігінде байланыс қызметтері" сөздерімен ауыстырылды - Астана қалалық мәслихатының 2005.02.17 N 119/16-III Шешімімен.

1. Тұрғын үй көмегі Астана қаласында тұрақты тұратын (жеке тұрғын үйден басқа) тұрғын үй иесі (жалдаушысы) болып табылатын отбасыларға және жеке тұлғаларға, егер тұрғын үйді ұстау тұтынылған коммуналдық қызметтер және қалалық коммуникациялар жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің ұлғаю бөлігінде байланыс қызметтер көрсету төлеміне шығыстары осы Қағидада белгіленген нормалар мен нормативтер шегінде жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш берген тоқсаннан кейінгі тоқсандағы кірістер жиынтығы 10 пайыздан жоғары болса төленеді.

Тұрғын үй көмегінің көлемі осы Қағидамен белгіленген нормалар және нормативтер шегінде тұрғын үйді ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтер және қалалық коммуникациялар жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің ұлғаю бөлігінде байланыс қызметтер меншік иесінің (жалгердің) деректі төлемі арасындағы айырмашылық және осы мақсатқа аталған отбасы шығындарының ұйғарынды деңгейі шегінде есептеледі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы Мәслихатының 2007.07.12 N 398/50-III Шешімімен.

2. Тұрғын үйді ұстау тұтынылған коммуналдық қызметтер және қалалық коммуникациялар жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің ұлғаю бөлігінде байланыс қызметтер үшін белгіленген нормалық мөлшерден артығын жалпы негізде азаматтар өздері төлейді.

3. Тұрғын үй иесімен (жалдаушысымен) бірге тұратын және біртұтас жеке есеп бойынша тұрғын үйді ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтер және қалалық коммуникациялар жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің ұлғаю бөлігінде байланыс қызметтер төлейтін және тұрғын үй көмегін тағайындағанда отбасы құрамына жұбайы, олардың балалары, жақын туысқандары (ағалары, апалары, аталары, әжелері, немерелері) жұмысқа жарамсыз асыраушылары жоқтар есепке алынады.

18 жасқа дейінгі ата-анасынан бөлек тұратын балалары ата-анасының отбасында есепке алынады. Егер ата-анасы ата-аналық құқығынан айырылса, балалар қамқоршының (асыраушылар) отбасында есептеледі.

4. Ұсынылған жұмыстан немесе жұмысқа орналастырудан себепсіз бас тартқан, өз еркімен қоғамдық жұмысқа қатысуын, оқуын және қайта оқытуды тоқтатқан жұмыссыздар алты айға тұрғын үй көмегін алу мүмкіндігінен айырылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.11.20 N 278/41-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

5. Тұрғын үй көмегін ресімдей алмайтын отбасылар:

1) 1 және 2 топ мүгедектерін, 16 жасқа дейінгі бала жасынан мүгедектерді, 80 жастан асқан адамдарды күтуді жүзеге асыратын, бір айдан артық емханалық емделудегі адамдар, күтуді қажет ететін 3 жасқа толмаған баласы, сонымен бірге төрт не одан да көп баласы бар ең кішісінің жасы тоғызға толғанша балаларын тәрбиелеумен айналысатын адамдардан басқа отбасыларда бірге тұратын еңбекке жарамды бола тұра жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қызметінде жоқ және жұмыссыз ретінде тіркелмеген;

2) ата-аналары айырылысқан бірақ бірге тұратын балаларына алимент төлеу жөнінде талап етпеген;

3) жеке меншігіндегі тұрғын үйі (пәтері, үйі) біреуден артық болса, немесе тұрғын үй алаңдарын жалға (жалдау) тапсырған.

5-1. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайда осы Қағиданың 1-тармағына сәйкес тұрғын үй өтемін алуға құқылы тұлғалар мен отбасылар жөндеу жұмыстары аяқталған соң, жалпы мүлік кондоминиумын күрделі жөндеу шығындарының бөлігінде жәрдемақы алуға құқығы бар.

Ескерту. 1-тарау 5-1-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы Мәслихатының 2007.07.12 N 398/50-III; 5-тармаққа өзгерту енгізілді - 2009.11.20 N 278/41-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімдерімен.

6. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу жөнінде жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімгері Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы болып табылады (бұдан әрі - Басқарма).

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы Мәслихатының 2007.07.12 N 398/50-III Шешімімен.

2. Тұрғын үй көмегін беру тәртібі

7. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін тұлға (бұдан әрі - өтініш иесі) өз атынан немесе отбасы атынан Басқармаға хабарласады және белгіленген үлгідегі

өтініштің ресми қағазын алады (осы Қағидаға 1-қосымша).

8. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы өтінішке мынадай құжаттар тіркелді (түпнұсқалар мен көшірмелер):

1) тұрғын үйдің меншік иесімен (жалдаушы) бірге тұратын барлық отбасы мүшелерінің жеке басын растайтын құжаттары;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органымен берілген жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтардың болмауы (болуы) туралы анықтама;

3) тұрғын үйге құқық беретін құжат (жекешелендіру шарты, сыйға беру шарты, сатып алу-сату шарты және т.б.);

4) азаматтарды тіркеу кітабы;

5) некеге тұру немесе бұзу туралы куәлік;

6) отбасы кірістері туралы мәлімет;

7) еңбек қызметін растайтын құжаттар;

8) АХАЖ органынан (жалғыз басты аналар үшін) N 4 нысандағы анықтама;

9) тұрғын үй көмегін тағайындауға хабарласқан алдындағы айға тұрғын үйді ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтер және қалалық коммуникациялар жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемінің, ұлғаю бөлігінде байланыс қызметтері төлемдер туралы мәлімет.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы Мәслихатының 2007.07.12 N 398/50-III; өзгерту енгізілді - 2009.11.20 N 278/41-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімдерімен.

8-1. Жалпы мүлік кондоминиумын күрделі жөндеу шығындарының бөлігінде тұрғын үй өтеміне құқығы бар тұлғалар мен отбасылар осы Қағиданың 8-тармағында қарастырылған құжаттардан басқа мыналарды:

1) жалпы мүлік кондоминиумын күрделі жөндеу жүргізуге мақсатты алымды төлеу жөніндегі түбіртегі;

2) жөндеу жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдар мен тұрғын үй иесінің кооперативімен тұрғын үй иесі арасындағы жасалған жалпы мүлік кондоминиумын күрделі жөндеу жүргізуге шарттың көшірмесін;

3) жалпы мүлік кондоминиумын күрделі жөндеу бойынша жүргізілген жұмыстардың қабылдау-тапсыру актісінің көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 2-тарау 8-1-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы Мәслихатының 2007.07.12 N 398/50-III Шешімімен.

9. Тұрғын үй көмегі көмекке құқық туған айдан кейін барлық құжаттарымен хабарласқан айдың алдыңғы айдан тағайындалады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 251/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

10. Тұрғын үйді ұстауға және/немесе коммуналдық қызметтерді тұтынуға төлемдер бойынша қарызы бар отбасыларға осы Қағиданың 1-тармағына сәйкес тұрғын үй көмегі тағайындалған айдан тұрғын үйді ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтер және қалалық коммуникациялар жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің ұлғаю бөлігінде байланыс қызметтері ағымдағы төлемдерді уақтылы төлеу жағдайында тұрғын үй көмегі тағайындалады.

Тұрғын үй көмегін тағайындағанға дейін құралған тұрғын үйді ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтер және қалалық коммуникациялар жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің ұлғаю бөлігінде байланыс қызметтері төлемдер бойынша қарыздарды өтеу коммуналдық қызметтер жабдықтаушысымен бақыланады және ағымдағы айларға тұрғын үй көмегін есептегенде есепке алынбайды.

11. Тұрғын үй көмегін алушылардың қайта тіркелуі бірінші рет өтініш білдірген айдан бастап бір жыл өткеннен соң осы Қағиданың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынуымен жүргізіледі.

12. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 күн ішінде қандай да болсын тұрғын үй меншік нысаны, отбасы құрамы мен оның жиынтық табысы туралы өзгерістерді, ал жұмыссыздар мәртебесінің өзгеруі туралы хабарлайды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2009.11.20 N 278/41-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

13. Басқарма берілген құжаттардың растығын анықтау қажеттілігі жағдайында отбасының құрамын белгілеу мақсатымен өтініш иесінің тұрған жерінің материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру жүргізуге құқы бар.

3. Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну мөлшерлемелері

14. Тұрғын үй көмегін тағайындағанда қалалық коммуникациялар жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің ұлғаю бөлігінде байланыс қызметтері коммуналдық қызметтердің мына түрлері есепке алынады:

- 1) э л е к т р қ у а т ы ;
- 2) с у м е н ж а б д ы қ т а у ;
- 3) г а з б е н ж а б д ы қ т а у ;
- 4) ж ы л у м е н ж а б д ы қ т а у ;
- 5) к ә р і з ;
- 6) қ а т т ы т ұ р м ы с т ы қ қ а л д ы қ т а р д ы ш ы ғ а р у ;
- 7) л и ф т қ ы з м е т і . < * >

Ескерту. 14-тармақ толықтырылды - Астана қалалық мәслихатының
2005.02.17 N 119/16-III Шешімімен.

15. Коммуналдық қызметті жеткізушілер коммуналдық қызмет тарифтерін және олардың өзгерістерін Астана қаласы табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Басқармаға ұ с ы н а д ы .

16. Тұрғын үй көмегін тағайындағанда тұрғын үй алаңына мынадай м ө л ш е р л е м е л е р і :

1) жалғыз басты адамдар үшін - 31 шаршы метр, бірақ бір бөлмелі пәтерден а р т ы қ е м е с ;

2) 2 адамнан тұратын отбасы үшін - 40 шаршы метр;

3) 3 және одан да көп адамнан тұратын отбасы үшін - әр отбасы мүшесіне 18 ш а р ш ы м е т р д е н .

17. Тұрғын үй көмегін есептеуде электр қуатын тұтытуда мына м ө л ш е р л е м е л е р қ о л д а н а д ы :

150 Квт - 1-3 адамнан тұратын отбасына;

200 Квт - 4 және одан да көп адамдардан тұратын отбасына.

18. Тұрғын үй газбен жабдықталмаған және электр қуатын тамақ дайындауға қолданылатыны жөнінде құжат болғанда газбен жабдықтау жөнінде белгіленген тарифтер мен тұтыну нормативтері шегінде газға төленетін төлем есебіне азаматтар өтініші бойынша электр қуатына белгіленген шамадан жоғары төлейді.

4. Отбасының кіріс жиынтығын есептеу

19. Тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын отбасының кірістер жиынтығын анықтағанда тоқсанға ақшалай түрде алатын тұрғын үй мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, қала бюджетінің қаражатынан мерекелік күндерге материалдық көмек, бала туғанда және жерлеуге біржолғы жәрдемақылардан басқа кірістің барлық түрлері есепке алынады. <*>

Ескерту. 19-тармаққа өзгерістер енгізілді - Астана қалалық мәслихатының
2005.02.17 N 119/16-III Шешімімен.

20. Шарттық негізде жоғарғы және орта арнайы оқу орындарында күндізгі үлгіде оқитын студенттерге тұрғын үй көмегін есептегенде кіріс жиынтығына студенттердің өз еркімен берілген кірістері есептеледі.

5. Тұрғын үй көмегін тағайындау

21. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы азаматтардың келіп түскен өтініштерін қарау үшін Басқармада тұрғын үй көмегін тағайындау бойынша үнемі жұмыс істейтін комиссия құрылады (бұдан әрі - Комиссия).

22. Комиссия құжаттар қабылдаған күннен 10 күн ішінде тұрғын үй көмегін тағайындау жөнінде шешім немесе тұрғын үй көмегін тағайындаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдайды (осы Қағидаға 2-қосымша).

23. Басқармаға жалған ақпарат беру салдарынан жоғары немесе заңсыз жәрдемақы төленгенде комиссия өтініш иесінен/отбасынан артық алынған соманы төлеу немесе өтініш иесін/отбасының тұрғын үй көмегін бір жыл бойына алу мүмкіншілігінен айыру жөнінде шешім шығаруға құқығы бар.

Артық алынған сомаларды өтініш иесінің/отбасының өтеуден бас тартқан жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте кейін қ а й т а р ы л а д ы .

Ескерту. 23-тармақта орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тіліндегі мәтіні өзгермейді - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 251/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

24. Себепті жағдайларда тұтынылған коммуналдық қызметтер және қалалық коммуникациялар жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің ұлғаю бөлігінде байланыс қызметтері (екі айға дейін) уақытында құжаттарды тапсырмаған жағдайда (науқастануы, қаладан тыс жерге кетуі) сәйкес анықтамалары болғанда комиссия жәрдемақы төлеуді жалғастыру жөніндегі мә с е л е н і ш е ш у г е қ ұ қ ы л ы .

24-1. Тұрғын үй көмегін алушының материалдық жағдайын назарға ала отырып, комиссия тұрғын үйді ұстауға, тұтынылған коммуналдық қызметтерге және байланыс қызметтеріне қалалық коммуникациялар жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің ұлғаю бөлігінде ақыны ішінара төлегенде төленбеген соманы кейіннен өтеу арқылы тұрғын үй көмегін тағайындауға қ ұ қ ы л ы . < * >

Ескерту. 24-1 тармақпен толықтырылды - Астана қалалық мәслихатының 2005.02.17 N 119/16-III Шешімімен.

6. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру және төлеу

25. Тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру бюджетте осы мақсатқа қарастырылған қаражат шегінде жүзеге айырылады.

26. Тұрғын үй көмегін төлеу екінші деңгейдегі банк бөлімшелері арқылы алушының жеке есеп-шоттарына есептелген соманы аудару жолымен жүргізіледі .

27. Тұрғын үй көмегін төлеу осы Қағиданың 24-тармағында көрсетілген жағдайдан басқа алушылардың қажетті құжаттарды өз уақытында ұсынбағанда т о қ т а т ы л а д ы .

28. Басқарма әр айдың 28-не тұрғын үй көмегін төлеуге қажетті сомасы

көрсетілген тізілімдерді Астана қаласының Қаржы басқармасына ұсынады.

29. Астана қаласының Қаржы басқармасы әр айдың екісінен кешіктірмей тұрғын үй көмегі алушыларының жеке есеп-шоттарына аудару үшін тізілімдегі көрсетілген соманы Басқарманың есеп-шотына жолдайды.

30. Тұрғын үй көмегін төлеу жүргізілетін банктер бөлімшелері тұрғын үй көмегінің төленген сомасы туралы салыстыру актілерін құрады және Басқармасына ай сайын беріледі.

Астана қаласында тұрғын үйді ұстауға, тұтынылған коммуналдық қызметтерге және байланыс қызметтеріне ақы төлеуге тұрғын үй көмегін беру ережесіне 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 251/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы Өтініш

Мен _____
(аты - жөні , туған жылы)

үй меншігінің иесімен (жалдаушы), жеке куәлігінің N _____,
_____ берген, СТН _____.

Менің _____ адамнан, мына мекен-жай тұратын отбасыма Астана қаласы _____
_____ тұрғын үйді ұстауға, тұтынылған коммуналдық қызметтерге және байланыс қызметтеріне ақы төлеуге тұрғын үй көмегін тағайындауды сұраймын.

N P/н	Арызданушының отбасы мүшелерінің Т.Ә.А.	Туған жылы	Туыстық қарым-қатынастары	Әлеуметтік мәртебесі
1	2	3	4	5

Өтінішке _____ дана санында құжаттарды қоса ұсынамын. Жеке шоттың N _____, банктің атауы _____.

Өзгерістер туындаған жағдайда, ол жөнінде 10 күн ішінде хабарлауға м і н д е т т е н е м і н .

Мен тұрғын үй көмегі бөлімін өз соңынан заңсыз немесе жоғары өтемақы тағайындауды әкелген жалған мәліметтер берілгенде, бір жыл ішінде көмек алу құқығынан айырылатынымды, ал тұрғын үй көмегі түрінде заңсыз алынған сомаларды заңда белгіленген тәртіпте қайтару керектігін білемін.

Ұсынылған құжаттардың растығына жауапкершілік жөніндегі Қазақстан

Республикасы Қылмыстық Кодексі 177-бабының 1-тармағымен, 325-бабының 3-тармағымен таныстым.

" ___ " _____ 200__ ж. арызданушының қолы

Құжаттарды _____ кабылдады.
(құжаттарды қабылданған адамның Т.Ә.А., лауазымы)

қию сызығы

Азамат _____ тұрғын үй көмегін тағайындау үшін өтінішпен бірге _____ п. құжаттарды қоса ұсынады.
" ___ " _____ 200__ ж.

(құжатты қабылдаған адамның Т.Ә.А.)

Астана қаласында тұрғын
үйді ұстауға, тұтынылған
коммуналдық қызметтерге
және байланыс қызметтеріне
ақы төлеуге тұрғын үй
көмегін беру ережесіне
2-қосымша <*>

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - Астана қалалық мәслихатының 2005.02.17 N 119/16-III, 2009.09.18 N 251/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімдерімен.

Қазақстан Республикасы
Астана қаласы
Жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасы
200__ жылғы " ___ " _____

N _____ ШЕШІМ

Тұрғын үй көмегін тағайындау жөніндегі комиссия отырысы

Аты-жөні _____

Мекен-жайы _____

Мәртебесі _____

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 200__ жылғы _____ айға тұрғын үй көмегі есепке сәйкес _____ теңге сомасында тағайындалсын.

Тіркеу N _____

Ашылды _____

Комиссия төрағасы _____

Комиссия мүшелері _____

Бөлім бастығы _____

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК